

Таңдамалы
шығармалар
жинағы

ОТЫРАР
КІТАПХАНАСЫ

Асқар
Егеубай

2 том

«МІС»
“ӨЛКЕ”
БАСПАСЫ



Асқар ЕГЕУБАЙ



ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



ҮШ ТОМДЫҚ

Алматы
2006 жыл

Асқар ЕГЕУБАЙ




ЕКІНШІ
ТОМ



Дастандар мен
поэмалар

Алматы
2006 жыл



Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Е23 Егеубай Асқар. *Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. 2-том, Поэма, дастандар.* –Алматы, “Өлке”. –2006. –272 бет.

ISBN 9965-742-23-5

Көрнекті ақын Асқар Егеубайдың таңдамалы шығармалар жинағының екінші томына поэмалары мен дастандары топтастырылды. Ақын дастандары «Қыран ғұмыр» (М.Әуезов өмірі туралы), «Сфинкс», «Сарыарқа», «Ойлан, қазақ», «Желтоқсан», «Астана», «Шу батыр», «Аламан», «Сарайшық», «Бағдат хикаясы», «Тайқазан», «Мыс шаһары» (Бағдат хикаясы), «Жыл басы» «Махаббат кітабы», «Дүние жалған, жан жалғыз» т.б. Қазақ елінің қилы тағдырын бейнелеген тарихи деректерге бай, көркем поэтикалық туындылар.

Қазақ даласындағы қалалар тарихы мен тағдырын толғаған дастандар жүйесі өз алдына бір көркемдік поэтикалық желіс құрайды. Ел мен жер, қоғам, замандас жайлы философиялық ой орамдары суреткерлік дүниетаным кеңдігімен тартымды.

ББК 84Қаз7-5

4702250202
Е —————
00 (05)–06

ISBN 9965-742-23-5

© Егеубаев А. 2006
© “Өлке” баспасы, 2006

Бірінші бөлім

ТАЙҚАЗАН

Салт-сана дастаны

*«Отырарда отыз баб,
Ең ұлкені – Арыстан баб!»
(«Алпамыс» жыры).*

*«Мәдинәда – Мұхаммед,
Түркістанда – Қожа Ахмет!»
(Халық сөзі).*

ӘЛ-ҚИССА

Кіріспе орнына

Тайқазан.

Түркістанда қазанның 9-12 жылдызында Түркітану мәселелері бойынша халықаралық конференция өтті. 11 қазан күні, жұмада ертелетіп Қожа Ахмет Яссауидың қасиетті үйіне кірдім.

Қазандықта Тайқазан тұр.

Ырыс берекенің айқұлақты таңбасы – Тайқазан.

Сананың сарғайған парақтары судырласып, сыбырласып сыр ашсын бір. Тарихы, тағдыры, неше қисынды аңыздар мен ғылыми жазба мәліметтері. Тайқазанның Түркістанға оралуы туралы небір белгілі-белгісіз деректер. Аңызға айналған қисынды-қисынсыз ақиқаттар.

«Тайқазан туралы жазу керек!»

Бұл ой Яссауи кесенесінің табалдырығынан аттай бергенде құмбезді шаңырақтан құйылған сәуледей жарқ етті. Қайыра бұрылып Тайқазанға көз салдым. Алланың әмірімен.

Не көрмеген, кімдер таңдай қақпаған!

Кімнің жүрегі жарылмаған,

кімнің көз жасы бұршақтамаған!

Қай пенденің көңілі тасымаған, қай қасиет жасымаған!
Асқанды көрген,
Тасқанды көрген Тайқазан,
Аштарды көрген,
Настарды көрген Тайқазан!
Асқақтап кіріп,
Тұл болып шыққан біреулер,
Құл болып кіріп,
Пір болып шыққан біреулер!
Көк күркіресе, Көктің солығын суытқан,
Жер күңіренсе, Жердің бауырын жылытқан,
Көк пен Жердің ортасында
Көк көшсе - қыңбаған,
Жер жылса - жылмаған
Тайқазан...

«Тайқазанның оралуы – тарихтың ұлы оқиғасы. Поэтикалық дерек ретінде болса да хатқа тұсу керек». Тайқазанды қайтарып әкелу тұсындағы біраз жайларға қанықпын. Біраз «дүниені» білемін. Біраз «дүниені» көз көрді. Ойда көп нәрсе оянды. Толқыдық, тебірендік. Әдетте адам киелі жерден іштей жеңілдеп, жаны жайланып, жадырап шықса керек-ті. Көңіл алай-дүлей, сезім-күй түсініксіз, әлемтапырық. Булыққан толқу машинаға бірге мінді. Беталыс – Арыстанбаб.

«Тайқазан». «Поэма».

Арыстанбабқа жеткенше алғашқы «Ақсарбас, Көкқасқа!» тарауының төрт-бес шумағы тілге оралды. Жеті тараудың тақырыбы, толғамы, не айтылатыны, мазмұны жүйе-жүйесімен тұнды. Әр тараудың әлденеше жолдары, сөздері, тіркестері елес берді. Арыстанбабқа жеткенде дастанның сұлбасы, ғылым тілімен айтсақ «фабуласы» дайын еді. Отыра қалып жаза бер!

Шәуілдір жолы Арыстанбабқа кірді. Түркістан. Нұры әуесінен төгілген, қасиеті топырағынан көрінген әсерлі, сұлу жер.

Арыстанбабқа аялдадық.

«Отырар» поезында сағаттап үн-тілсіз серейіп жаттық та қойдық.

Алматыға жеткеннен кейін де бір тәулік толқумен өтті. Қағазға қол бармайды.

Қазанның он үші күні түнде қағазға түсіре бастадым.

Таңды таңға ұрып, күн-түн демей. Неше түрлі шырғалаң ой, шытырман қисындар қамалап бөрідей ұлиды. Бұрылмадым, қызықпадым. Дастан әу баста ойға қалай жеңіл, қалай әсерлі орала қалса, солай жеңіл, әсерлі, екінші

біріне бірдей түсінікті, жеңіл жазылуы керек. Қарапайым үлгі. Шарт. Қазанның он жетісі күні, ертеңгісін «Тайқазан» дастаны дайын тұрды.

Әсерлі әдемі сәттер жыл құсындай әлдеқайда әуелеп ұшып жоғалды.

Жер басқан пенделер тірлігі буы бұрқырап, қайнап жатыр... Қарасаң, құлазисың. Тіс қамалған, жүрек сазған. Тойдық қой, пенделер! Тойдық қой бәріне.

Тайқазан тұр көңілдің төрінде.

Тайқазан.

Қазақтың ырысы.

1. АҚСАРБАС, КӨКҚАСҚА!

Ақсарыбас!
Көкқасқа!
Май тамыз отқа, шоқ таста!
Қиырға қосқан қиырды,
Қияннан жұртым жиылды.
Қожа Ахметке қауышып,
Арыстан бабқа сиынды!
Көктің нұры құйылды,
Түркістандағы көктасқа!

Ақсарыбас!
Көкқасқа!
Ошақты маздат, от шашпа!
Арыстан бабқа түнемек,
Қожа Ахметтен тілемек!
Гималай басып, Альпі асқан,
Қазағым арып, жүдеген.
Ат басын елге тіреген,
Көшелі сөзбен көш бастап!

Арғымақ мінген қос-қостан,
Аршынды бауыр бас қосқан.
Жерсінбей-жәннат тұрағын-
Жер жаһанның жұмағын.

Әжесі –келін, ата жұрт,
Топырағына құлады.
Жүз жылда басы құралып,
Жоғын жоқтап жоқтасқан!

Ақсарыбас!
Көкқасқа!
Қаймана қазақ, қастаспа!
Ақыртып азбан шалайын,
Өкіртіп өгіз жарайын!
Сүп-суық сүп-сүр селебе,
Бп-ыстық қанға малайын!
Жылысын қаның, ағайын,
Суысып, сырттап қоштасқан.

Ақсарыбас,
Ақсарбас!
Аласта, кетсін бастан лас!
Қыбылаға қарайын,
Бозқасқаны шалайын.
Тайқазанға тай-тайлап,
Сыбағамды салайын.
Алыс-жақын ағайын,
Жақын кел!
Жасып, жасқанба!

2. САУЫН

Қасіретінді топырағы ұмыттырған Түркістан,
Арыстан баба әулие ғұрып құрған Түркістан.
Тағай бибі¹ толғатып,
Ыбырайым ата толғанып,
Жеті жаста Қожа Ахмет ғұрып құған Түркістан.

Есіл жолды Есім-Хан есігін баққан Түркістан,
Жолбарыс - Хан барыстай төрінде жатқан Түркістан.
Абылай - Ханы – Көкшеден,
Қазыбек биі – Арқадан,
Жеріне жетіп, жөннатты жайын тапқан Түркістан.

Бойлатып иман мәніне, жөн-жоба тартып әріден,
Тәу еткеннің бәріне, тілеуін берген сәріден.
«Шариғат пен Хақиқат,
Ортасында – Тариқат»,
Топырағын құшқан соңғыдан – Өзбекәлі Жәнібек.

8 Тайқазаны зәмзәмін мөлдіретіп тұр күтіп,
Әулие Пір иеңіз жәмиғатын жүр күтіп.
Қиырдағы қазағым, бетінді бұр, көш түзе,
Ел кіндігі Түркістан, бар қазаққа бір Құтұб².

Шөлден асып, шөл кешіп, сарылып жүрген бауырым,
Қараспан, Алтай, Арқасын сағынып жүрген бауырым!
Түбіндегі жүректің Хақиқат қанын қыздырып,
Қанатын кеңге жаза алмай сабылып жүрген бауырым!

Жат жерде жүріп жабыққан, Жер-суын аңсап зарыққан,
Қырғында қалып қамыққан, Ел ішінде тарыққан!
Үш жүз алпыс тамырдың қалауын таппай адасқан,
Қайран да қазақ баласы,
Үн таста жақын-алыстан.

Адасқан қаздай қаңқылдап, қиқуың жанды қозғасын,
Аруаналарым аңырап, боталарым боздасын!
Қауіп пен Үміт арасын алма-кезек барлаған,
Қамкөңіл қазақ баласын, Қазірет Сұлтан қолдасын!

Түркістанға бейіл бұр, көңілің бір жайлансын,
Сүттей ұйып, зәу-затың кіндігінен байлансын!
Дәмімен тартып Тайқазан, жібермейді несібең,
Зыр айналып беу Жаһан,
Айналсын дүние, айналсын!

3. ҚАЗАНДЫҚ

Қайна, қайна, қазаным!
Қайнайтұғын күн туды.
Үйірсін дәмнің шет жайлап,
Қиыр қонған жұртыңды!

Қайна, қайна, бұрқыра,
Үйір, үйір балыңды.
Бал сорпаңды сапырып,
Үйіріп ал қауымды.

Шымыр - шымыр,
шымырла,
Тасып, толсын ырысың!
Бір қазаннан дәм татып,
Ұйысыншы Ұлысым!

Бір емшекті еміскен,
Бір қазаннан дәм ішкен.
Сертке жетіп, сеніскен,
Тай-құлындай тебіскен.

Көкбөрінің ұрпағы,
Тайқазанға жиылсын.
Айна-Тастың³ нұр шамы,
Көкірекке құйылсын.

Балдай суын бұйыртсын,
Әзірет Сұлтан құдығы!
Түбіне тұнсын Жүректің,
Хақиқаттың тұнығы!

Қайна, қайна, қазаным,
Құт түбіңе байлансын!
Қарға тамыр қазағым,
Құтыбыңды⁴ айналсын!

Құдаша, құрбы, құрдасқа,
Құдағи, құда, қарындасқа,
Қайын, балдыз, мұндасқа,
Нағашы, жиен, сырласқа,

Құдайы қонақ, көршіге,
Ақсақал, абыз, жөншіге,
Қоңсы-қолаң, төркінге,
Жолаушы, жаушы, елшіге,

Ағайын, жекжат, туысқа,
Сыбағасын тартайын.
Шашуын шашсын уыстап,
Түркістаным марқайып.

Бозқасқаның жалы бар,
Қымыз, шұбат, балы бар,
Мүше-мүше жілігі,
Жамбас, жая тағы бар.

Мейіздей сүрі сақталған,
Қозының төсі қақталған.
Құйрық - бауыр бапталған,
Ақмарқа жұпар ақтарған.

Құттыны күткен Маңдайы,
Шешенді күткен Таңдайы,
Тіл,
Құлақ,
Көзі,
Ми, түмсық,
Иесін күткен арнайы,

Қара қойдың басы бар,
Қазанда,
Ырыс тасыған.
Бар қазаққа мүше бар,
Түркістанның асынан.

Қайна, қайна, қазаным,
Қайнайтұғын күн туды.
Қайырып мал - жаныңды,
Үйіріп ал жұртыңды!

4. ҚАЗАН ЖЫРЫ

Жеті түрлі темірден,
Қайнатып құйған қазанмын.
Алты жүз үш жыл төріңді,
Жайнатып тұрған қазанмын.

Жетпіс көнек суыңды,
Бірақ жұтқан қазанмын.
Алтын, күміс, қорғасын,
Темір, мырыш, мыс, шойын –
Тұтас тұтқан қазанмын.

Қырықтың бірі қызырлы,
Қырық емшекті нәр кернеп,
Құлың да,
Хан да құзырлы,
Емшегімді еміп әлденген.

10 Жәмиғатты тарыққан,
Ырысыммен сақтадым.
Қараңғы, зұлмат, тамұқтың,
Қап-қара зілін жасқадым.

Фәріптер келіп, шуласып,
Жасын да төккен қазанмын.
Қазіреттің Ақ бурасы,
Қасыма шөккен қазанмын.

Жарты ғасыр жат жұрттың,
Ордасын баққан қазанмын.
Қырғында қанды аш ұлтты,
Қолдасып жатқан қазанмын.

Бір жұртым қуып құр сағым,
Қиырға кетті бір жұртым.
Елу бес жыл сусадым,
Жат қолда сусыз бір жұтым!

Жете алмай қайта қайырылып,
Азаным болды азалы!

Қазанынан айырылып,
Ашықты қайран қазағым.

Біреуі асты Алтайын,
Қырымға кетті ал бірі.
Түлкідей бірі алтайы –
Тіршілік төтті, жан сірі!

Ірілерім іріді,
Сүргіннің сірі жолында.
Тірілері шіріді,
Тірідей тірлік торында.

Қайта айналып келгенде,
Жәмиғатқа болдым зар.
Бебеу қақтым жел кеулеп,
Ошағым жоқ, орным бар.

Аруақтарым жамырап,
Ас таппаған қазанмын!..
Қараспаным аңырап,
Жас қаптаған қазанмын.

Қырық емшекті иітіп,
Жәмиғат келіп сүйсейші.
Елтітіп жер-су иісі,
Маңдайы жерге тисейші!

Ебіл де себіл көз жасы,
Шер-шеменді шайсашы!?
Көз жасынан майсасы,
Жапырағын жайсашы!

Бүлк-бүлк қайнап бұрқырап,
Мерейім тасып тұрсайшы!
Құлындай жұртым шұрқырап,
Беу Салтанат құрсайшы!

5. ТӨЛТӨЛҒАУ

Сөйле, жырым, жүрегім,
Сөйлей алмай жүр едім.
Жаһаннам мен Жалғанның,
Жігің таппай жүдедім.

Түрілгенде түнегің,
Үзілгенде шідерің.
Күн түбінде жортсайшы,
Жайнап күміс жүгенің!

Шешен тілім шешілгін,
Сөйгүліктей көсілгін.

Меселін тес Есердің,
Кеселін кес Кесірдің.

Сөйле, жырым, жүрегім,
Ақ лашындай түлегін.
Жүректің құлпы ашылсын,
Аққудай самғап тілегім.

Түрілсін жырдың түндігі,
Сөйлейтұғын күн бүгін.
Тайқазанның түбінде,
Тәй-тәйлап жүр Тірлігім!

6. БҮГІНГІ АҢЫЗ

«Мемлекеттік эрмитаж Ахмет Яссауи мешітінің тайқазанын ыстық ықыласпен өзінің ежелгі орнына қайтарады.

Біз қазанды 54 жыл сақтадық. Ленинград блокадасындағы қиын-қыстау күндерде де аман қалған аманат.

Тайқазанды халықтың мәдени ұлы мұрасы ретінде қорғап, сақтаңыздар».

*Мемлекеттік эрмитаж директоры,
академик Б. Б. Пиотровский.*

11

Жақсылардың жақсы ісі ауыздан тарап ауызға,
Жалғанның жүзін жайнатып айналар ғажап аңызға.

«Қожа Ахмет таяғын түйреген жерден бір қайнар,
Балдай суын қайнатып, Түркістан туған гүл жайнап».

«Арасын қосып Ақ бура күніне қос қаланың,
Аяқтаған Меккеде, Түркістандағы намазын».

«Көк бұқа жайлы аңызды естіген құлақ шыңылдар,
Арыстан баба киесін түйсініп жүрек шымырлар».

«Эрмитажға жыл бойы бораған боран бомбадан,
Дарымады жалғыз оқ! Тайқазан, – дейді, – қолдаған.».

Толған аңыз, тұнған сыр Қожа Ахмет өмірі,
Қорқыттың көрі оның да күңіреткен көңілін.

Басқа заман бұл заман, аңыздың күні озған күн,
Көңіл тозған, жан азған, қауесет қоздап, қозған күн!

Тайқазан жайлы бұл аңыз айтпасқа маза бермейді,
Қасиеттен қашқан жан, хақиқатқа да сенбейді.

Жүректе тынған мүшел жыл, ақтарып сырды толғайын,
Жадында қалсын жұртымның, жаңа аңызды жолдайын.

Бүгінгі ғажап хикаят, аңыз де, мейлі, шындық те,
Рухын ердің көтеріп арылсын жүрек бір жүктен.

Тайқазанның тағдыры сан Қазақты сабылтқан,
Құжатта бар, қолда жоқ. Үміт көшкен халықтан.

Құжат та ақыр табылды. Рұқсат та алынды.
«Тайқазан жоқ!» Басталды, қызылтанау шабынды.

«Тайқазан жоқ! Тайқазан...»
Хат... Телефон... Байбалам.
Жылдар керек іздеуге Эрмитажды айнала.

Фасыр керек... Ақтауға қоймалардың қойнауын...
«Айласы ма бермеудің!» Ойсыратты ой жауыр!

Қолды болып кетті ме, расында бар ма екен?
Бір Арманы қазақтың қай бұрышта қалды екен?

Пұрсатана қолында, өше ме енді бұл арман?!
Қайран Қазақ пұшайман, жайсаң Қазақ жыларман!

«Айыртамының сазгері». Пикассоның «қыздары».
Сұрланып «Мәрмәр Геракл» көз тігеді ұрланып.

Мүсіндері Қытайдың. Сұлулары Шығыстың.
Сағыныштан сарғайған құлдығында құлыптың.

«Тайқазан жоқ. Тайқазан...». Көзден бұлбұл ұшты ма?
Жаны мұрын ұшында шырқырайды ышқына!

Жөнін білді. Жолын да табу керек қалайда!
Алу керек ақылмен жұмбақ Қысқы Сарайды!

Мұрағатшы көнекөз қарттарды енді ақтады,
Көңіл сенген, көз көрген достың үйін таптады.

Шылап көздің жасымен шарап та ішті талаймен:
«Қазақ қазақ болады Тайқазансыз қалай!», – деп.

Ер Төстіктей ел кезіп, тапты ақыры керегін,
Сеніскен дос көнекөз берді қазан дерегін.

Түнеріңкі қойманың жоқ терезе, тесігі,
Сықырлайды керенау шомбал шойын есігі.

Шұңғылына түн қатқан, оюларын шаң қапқан,
Тайқазаны тұнжырап бұғып жатыр салмақтан.

Тайқазанды сипалап, іш егіліп, ес кетті!
«Қуануға ерте!–деп, қоймашы қыз ескертті, –

– Жоқ терезе, тесігі, есік мынау қуықтай,
Тайқазаның бұл жерден шыға қоймас жуықта!»

Сонда түсті иығы. Дүниеден түңілді.
Эрмитажды жаңғыртып Директорға жүгінді:

«Сабылтқанда соншалық! Осы ма еді... ақыры!»
«Сабыр! - деді директор, - табармыз бір ақылын...»

Шара бар ма Қазақта. Көнеді енді бәріне.
Қайта жетті Бастыққа, күтіп құлқын сәриден.

13

Басын қасып Ғұлама: «Қиын деді мәселе...
Екі тонна Тайқазан, іліп алар кесе ме?

Табылмай тұр амалы, ені – екі қырық бес...
Тең келерлік қазан жоқ бұған батыс, шығыста еш!».

Қазақ тартты төтеден: «Батыс... шы-ғысс... Құрысын!
Есікті, не іргені... бұзу керек дұрысы!»

Есіктен де үлкейіп, бұзды көзі шарасын,
« Біліп қой, - деп, күйінді – Бұл Сарайдың бағасын...

Қысқы Сарай?! Тайқазан?!» Сөз тастады қармақтап:
«Байқап көргін екеуін бір-бірімен салмақтап!»

« Қысқы Сарай! Несі бар, бұзу керек Сарайды,
Тайқазанға бостандық беру үшін қалайда!»

Тартынбады Қазақ та бетін ашып алды да,
Эрмитаждың кестесін жайып салды алдыға:

«Ең төменгі қабат бұл. Қазан «Қырық сегізде!..»,
Қолын жайды директор: «Өнбейтін іс тегінде!»

Эрмитажды бұзуға сенбе, мейлің, сен мейлі,
Одағында Кеңестің бір сәулетші көнбейді!»

Қазақ тартты тереңге: «Айтсам сөздің ашығын,
Желтоқсанда күйген жұрт тұр намыстан ашынып.

Елге жетсе әңгіме... Айтпаймыз ғой арнайы...
Желтоқсан ба! Одан зор қырғын кешіп қалмайық»

Айтылмаған сөз бар ма? Бітті әңгіме бүгінгі.
Академик мықшиып қағазына үңілді.

Апта өтті, ай өтті. Қайта жетті сайланып.
Түрлі-түрлі телефон түрлі тілде сайрады.

Бас директор бұл жолы аз сөйлеп, көп тыңдады,
Қолтығынан демеді, шықты сыртқа сыр жарып:

«Өзің шеш те, ойластыр. Мен ештеңе білмеймін!
Сәулетші де бөлмеймін, жұмысшы да бермеймін!

Сәулетшісіз бұл істі атқара алмас еш пенде,
Сәулетші тап, әуелі, Одақтан тыс, шет жерден.

14 Қояр шартым тағы да, тірі жанға тіс жарма!
Түспеп еді бір сызат блокада қысқанда.

Сыңар кіршіш сынбаған бомба селін төккенде,
Зеңбіректер зіркілдеп, бүйірден де, көктен де.

Соны біліп, амалда. Шапқыншының ұрпағы,
Сырлы Сарай бүлінсе, мені алдымен құртады.

Бұл жайында әңгіме болмайды енді арада,
Тисе қолға қазаның, алды-артыңа қарама!»

Алматыда табысып, серуен құрған Қырымда,
Сәулетші дос тұратын Прагада бұрыннан.

Прагаға ұшырсын жеделхатты жасындай:
«Тосылмай жет, айтармын бар жағдайды осында».

«Дос» деген сөз ерек сөз, достықта жоқ еш күдік,
Мыс салт атты қасында жүрді достар кешқұрым.

«Сәулетші мен суретші тірлігі аян, білесің,
Қатын кетіп, үйіме сыймай зорға жүр едім...

«Дұрыс екен, өзіңді жөнге салар бар амал,
Эрмитажды әуелі көрейік бір аралап...»

Кетті дереу басталып, «шұғыл жөндеу жұмысы»,
Тұмшаланып сырт көзден Эрмитаждың бұрышы.

Ұққын өзің, оқушым, арғы жағы белгілі,
Тайқазанның ізімен бірге келді Теңдігім!

Бұзып шықты Тайқазан солай құрсау Сарайды,
Таңдандырар аңыз бұл әлі талай-талайды.

Бүгінгі аңыз бұл өзі, растығын тергеме,
Жарым ырыс – жақсы сөз, керек аңыз елге де.

Шындық десең, кәміл сен «Шындық қой!» - деп, бағала,
Аңыз десең, аңыздың ақыры деп санама!

Өз жаныңмен жазып ал аңыздарды ендігі,
Көк күмбездей көгілдір Көк туым тұр желбіреп!

7. СҮЙІНШІ, БАБА, СҮЙІНШІ!

15

Отырарда отыз баб,
Түркістанда түмен баб!

Сүйіншілеп балалар,
Шашуын шашты аналар.

Сайрамдағы сансыз баб,
Ең үлкені Арыстан баб!

«Сүйінші, Есім, Барыс хан!
Тайқазан келді алыстан!»

Алты күн жүріп арада,
Қазаным жетті, бабалар!

Батасын берді бабалар,
Мың шүкір, Алла тағала!

Жаратқан берді тілекті,
Ашылды құлпы жүректің!

Тайқазан нұрға құбылды,
Соңынан жұртым шұбырды.

«Сүйінші, баба Арыстан!
Тайқазан келді алыстан!»

Келіннің бетін ашқандай,
Қуанды шашу шашқанда!

Бабаға Бала жүгінді,
Сүйіншілеп жүгірді.

Жүзден асқан Әбдібек,
Көкқасқа атап шалды кеп!

«Сүйінші, баба Сұлтаным!
Қазаным жетті, құт дарыр!»

Сүйінген жұрты сиынды:
«Сүйінші, баба, сүйінші!»

8. АЙНА

Тайқазан қайтып оралды.
Құзырына жол алды.

Қожа Ахмет төрінде,
Көктің нұры төгілді.

Ашылып Көңіл айнасы,
Ақтарылып сайрашы.

Көңілдің көріп айнасын,
Дүние жарық жайнасын!

Аруақтар аунап түсті ме?
Көк төнді мешіт үстінен.

«Тайқазаным жетгің бе?
Бабаңа тағзым еттің бе?»

Қазаннан қалып, қағылдық,
Елу төрт жыл сарылдық.

Жолыңды таппай жаңылдық,
Өзіңді іздеп сабылдық.

Үңірейіп орының,
Орыныңды қорыдық.

Көбейді күпір, асылық,
Біз қалдық тоз-тоз шашылып.

Қазаным кел, кел, ортаға,
Жылытқын бізді қоршаған!»

Тас қабірлерден тұншыққан,
Күбір де күбір үн шыққан.

Жамырап жетті ағылып,
Дауыстың түрлі сарыны.

Тайқазанға да тіл бітті,
Таянған пенде дүрлікті:

«Қазірет Пірім, армысың!
Тазарып Нұрдан қалды ішім!

Қасіретті жұрт, бармысың,
Қасиетті қара нармысың!

Алқам-салқам қаңырап,
Шытынапты шаңырақ!

Көздердің жасы тұнышты,
Ғұрыптың көзі құрышты.

Алыстан жеткен зар, айғай,
Зұлматтан зілді қарайған.

Тоз-тоз болмай, халайық,
Тазарып шаңнан алайық!»

Күмбездің іші жаңғыра,
Үн жетті мың-мың қаңғырап.

Аруақтар сөйлеп жатқандай,
Зәу-заттар көзін ашқандай.

Қалың ел тілек тілеген,
Іргеге басын тіреген.

Дауысқа дауыс қосады,
Тітіреп ірге, босаға.

Үн қосып, өксіп тұрғандай,
Перзент күткен қу маңдай.

Бәрі де сіңді шымырлап,
Шұңғылына шыңылдап.

«Сен кеттің, безді береке,
Қуарды жер де жер екеш.

Аштықты кештік, арыдық,
Соғыс та кештік тарығып.

Шер-наладан арылып,
Шығар ма, шіркін, қарығым...»

Абылайдың мұңы ма?!
Құл Мұхаммед сыры ма?

Қарайған қара қазақтың,
Күңіренісі ме азапты.

Киеден медет сұраған,
Көзінің жасын бұлаған.

Ғаріптердің үні ме?
Қанағатсыз тірі ме!?

Қасиетті Тайқазан,
Үндерді сол сайраған.

Айыра алмай түнерді,
Гуілдеп үндер күңіренді!

Аруақтар неге құмыққан,
Адамдар қалай құныққан!?

Білімді аузын құлыптап,
Тірілер тілін қырыққан.

Мешіттің ішін кернеген,
Мұң-зарды бұрын көрмеген.

Тайқазан тұрды ауырлап,
Тіл қата алмай қауымға.

Сөз жетті төрден жап-жарық,
Сілтідей тынды жан-жағы:

«Келдің бе, қара қазаным?!
Ер екен дара Қазағым!

Куәсің жақсы, жаманға,
Біз көрмеген заман ба!?

Қазаным құтқа тең екен,
Өзіңсің ырыс, берекем!

Оралдың, құт та оралар,
Орнында бар, оңалар.

Тоз-тоз болған жамағат,
Оралар қайта, қанағат!

Бәрін де көрдім, білемін,
Қазаным, менің тілегім:

Зарыңды шайып тастағын,
Берекеге бастағын!

Кәусарыңды жұртыңа,
Ішкіз, баста ғұрпыңа!

Шерлі еліңді демегін,
Ерлеріңді жебегін!

Екеуімізді халайық,
Күткен көзі қарайып».

Қожа Ахмет дауысын,
Ұйыды тыңдап, қауышып.

Қырық емшегі бүлкілдеп,
Сүт жиылды біртіндеп.

Таныды өзін Тайқазан,
Түп-тұнық Көңіл айнадан!

17

9. ЕЛТІЛЕУ

Қайнат, тасыт, Тайқазан,
Қазағымның ырысын.
Көл ниетті айналам,
Терең алсын тынысын.

Қарға тамыр ұлтымның,
Берекесін асырғын.
Бесігін бақ ғұрпымның,
Көзі едің ғой асылдың.

Кәусәріңмен там-тұмдап,
Кісілік бер жұртыма.
Май толмасын былқылдақ,
Иман толсын ұртыма.

Байларға бер қанағат,
Мейірім бер зұлымға.
Ризық бер қараға,
Қайырым бер ұрыға.

Қайна, қайна, қазаным,
Дөміңнен нәр құйылсын.
Жамыраған қазағым,
Ырысыңдай жиылсын.

Қайна, қайна, Тайқазан,
Қайнайтуғын күн туды.
Жайнап көңіл айнадай,
Үйіріп ал жұртыңды!

ШУ БАТЫР

Тарихи дастан¹

1. АҢСАР

Айдыннан аққу ілсең де,
Аспанның құсын бүрсең де!
Айнымалы жалғанды,

Аршындап кешіп жүрсең де –
Айнып бір кеткен дүл дүние
Айналып қайта келер ме!?
Аспан мен Жерді теңер ме?

Сеңді серпіп, сел кешіп,
Семсерін серттің сермесіп,
Сеңгір шыңға шықсаң да,
Сеңсең бұлттарды тербетіп –
Сағымдай сылдыр сұм тірлік

18 Судай сырғып келер ме?!
Сары уайымы семер ме?

Қарқаралым шайқалып,
Қарқара жатыр найқалып.
Қара Ертістің қағына,
Қаздарым қонды жайқалып –
Қайырға шөккен шортаны

Қалпына Ертіс келер ме,
Қайраты сыймай кемерге!?

Аспанның жәуһар жанары –
Ай мен Күн кезек жанады.
Албырап алма гүлдері,
Алқызыл бүрін жарады.
Алма мойын,

Алмалы
Аршынтөс қанша туса да –
Алтын сүйек, ал иін,
Аруға тең келер ме!?

Рауандап таң атар,
Рахман нұрын таратар.
Ризығың жауса да,
Рахымыңмен барабар –
Рұм менен Ұлысу
Реңдері шарпысып,
Райыстың құсындай,
Рухың сайрап келер ме?!
Расында аттай желер ме?

2. ШУ БОЙЫ. ТАЛАС АРУЫ

Жер бетіне қарасаң,
Желмаяға баласаң.
Жер бауырлы Қаратау,
Жел шудалы қара атан.
Бұлрақтайды ботасы,
Бұлаң-бұлаң жотасы,
Құндақтағы балаша.

Құс жолына қарасаң,
Құс биігін қаласаң.
Дала қандай еңселі,
Аспан неткен аласа?!
Ақбозаты таң асып,
Жұлдыз тарпып,
Жарасып,
Жарқ-жүрқ жанған тағасы.

Көк пен Жерге қарасаң,
Қыз – Жігіттей жарасар,
Екеуін кезек оятып,
Таң туады таласа!
Дүниенің ыстық жамалы,
Ай мен Күн -
Екі анары
Толықсып, толқып жанасар.

Иамар суын кешпедік,
Қашқан күнге жетпедік.
Төңіртаудың құзынан,
Талай мұздақ кетті еріп.
Арғанаты жусанын,
Ақ мамықтай қымтанып,
Көшеді қоңыр кештерім.

Ұлытаудың ұлары,
Қаратаудың құланы –
Сағымдай сүйрік көңілдің,
Суымайтын құмары!
Көк биігі,
Жер түбі –
Қанаттыға алдырмай,
Аяқтыға шалдырмай –
Құмар да, түбі, тынады!

Тараз,
Сайрам, Самарқан,
Сал-серілі Сарыарқа!
Бір қиырда – Үрімі,
Бір қиыры – Жабарқа.
Түркінің шүйгін ырысы,
Тау, дала, орман жынысы,
Жәннатты мекен жан аңсар!

Тау десең,
Таудың сеңгірін,
Су десең, судың мөлдірін.
Жер десең, жасыл желекті,
Бұйыртқан Жердің кеңдігін.
Таудың да бізге шың-құзын,
Жердің де қазан шұңқырын –
Төңірім таңдап берді өзі.

Арулар туған
Таразда,
Әдеп пен наздан жаралған.
Қыран жұтқан жұпарын,
Ал иіндіктен таралған.
Еріні Сүлеймен жүзігі,
Ет-төні меруерт үзігі,
Қордай құстай таранған.

Иегі бұлбұл бауыры,
Ауызы інжу қауызы.
Уызын тосқан уыстап,
Уылжып піскен қауыны.
Қолаң шашын күн түйген,
Ай маңдайын түн сүйген,
Тараздың бала аруы.

Бағзы бір
Тараз қырлары,
Бағзы бір
Тараз қыздары.
Буынған қолаң шашына,
Шығыстың тәтті жырлары!
Фирдоусидің көзімен,
Рудаки² сөзінен,
Арбалған Шығыс шырмалып!

Шу бойы, Талас арналы,
Толықсып түгел жан-жағы.
Арбайды төрткүл дүние,
Аттасаң шетке қарға адым.
Жеңкілген бірі – Русьқа,
Жол тартқан бірі –
Шығысқа,
Түрксібтің тармағы.

Бар жаһанмен жалғасқан –
Баяғы Жер.
Бағзы аспан.
Кезең - кезең арбасқан,
Кезек-кезек алмасқан.
Арасында жан баққан,
Алабұртып, қалбақтап,
Уақыт деген қаңбақ шал.

3. ТЫЛСЫМ

Сүйкімді, сұлу ләйлектер. Қанатын назбен жайды еппен. Жанарларынан от алды, шатыр да шұтыр жай көктен. Ләйлектер, сұлу ләйлектер... Жұлдызды құшып, айды өпкен. Ырымын жұрттың жай деп не ең!? Бесіктей Шуды тербеткен, Теңгерген жерді Ж ө р г е к к е, Тілеуі жеткен жер-көкке... Ләйлектер, нәзік ләйлектер!

Бағаналар дызылдап, ызылдап сымдар қызынған. Поездар шұбап, шұбырған, құлагын жымып, жымырған. Құмыр дауысы құлындап. Айқайы шойын мыстанның. Үркітіп жатыр құстарды... Ләйлектер, сұлу ләйлектер... Қонақтап жатыр жәйлап кеп, ұмытып үркіп, ұшқанды.

Шойын жолдардың бойлары. Таластың қойын-қойнауы. Бағаналардың ұштары. Қаңыраған қойшы қыстағы... Жамырап қонған жағалай, Құтқанат ләйлек құстарым!

Ала қаптарын арқалап, жөңкілген, жұйткіп Шартарап. Талшыбықтай солқылдап, үйіріп тең-тең толқынды, Тараздың танакөздері... Тасқа біткен аршадай. Қанар теңдеп талса да, көрінеді ерек баршадан.

20 *Тараздың қаламқастары, балғын білек, бал сағақ. Парсының жиһанкездері ұйқысы қашып аңсаған. Қара талдай қалың кірпігін, Шығыстың жеті шайыры тамсана жырлап шаршаған! Тараздың садаққастары... Тауға біткен аршадай. Көрінсе, көздің күйігі. Көрмесең, көңіл күйігі! Құшсаң - бір қанбас құмарың! Қашсаң - бір қимас сыңарың... Тағдырға сыймас қалқадай! Талайға қимас қалқатай!*

Қойнауын Шудың жағалай. У-шуға, дыр-ду қарамай. Қонақтап жатыр ләйлектер, Жатырқамай жалғанға жалаңаш туған баладай!

Ләйлектер, әппақ ләйлектер!

Ләйлідей, өсем, ләйлік құс!

Ырымы құтты әйдік құс!

Көп болды көзден жоғалдың,

Қай жақтан самғап оралдың?

Өзіңді талай жан күтті!

Үкілі талай жар күтті!

Ләйлідей, нәзік, ләйлік құс!

Ырымы құтты әйдік құс!

Ұясын көріп ләйліктің, Жадырап кетті жан күтті! Тәтті бір саздың лебімен, Тербеледі тән тіпті. Қоңырауындай даланың, Көгіне көзді қададым. Ләйлектер жайнап мойыны...

Қоңырау көгін даланың, қоңыраулатып барады. Құстарым бірге таранып. Райыстың бауындай нуында қиқу салады:

– Арбалған көктің құсы да,
Бұл Шудың тылсым күші бар.
Шыр айналып қонамыз,
Шыға алмай Шудың тұсынан.

Құтты ұя, төлі шулаған,
Пейілін құйған мың ғалам.
«Ұрпағым өсіп-өнсін!» – деп,
Тылсымдатқан³ Шу қаған.

Киелі мекен, өркенді ел,
Келісті, кербез, көркем жер.
Қайыңы – сәмбі, қыз сәнді,
Қойнында түні өртенген.
Киелі мекен,
Өркенді ел...

4. ШУ БАТЫР

21

Ежелгі,
Жәннат Шу жатыр!
Есінде кімнің Шу батыр?!
Тулайды Талас бойында,
Темір жолды ту ғасыр!
Шу батырды білгейсің,
Есіңе алып жүргейсің,
Сахарада туғасын!

Шу батыр кемел шағында,
Сарайы –
Баласағұнда.
Жер қайысқан қалың қол,
Ойнаған алақаныңда.
Дір етіп дүние жүрегі,
Күн сайын құлақ түреді,
Үш жүз алпыс⁴ дабылға!

Тыңдаған бірі жанығып,
Тыңдаған бірі жабығып.

Ұлыларын жебеген,
Баласағұн дабылын.
Айбынымен,
Жас Қаған,
Жауларын солай жасқаған,
Жаңғыртып Талас жазығын.

Төрт құбыласы тең батыр,
Етек-жеңі кең батыр.
Мысы басым,
ойы ұшқыр,
Жүргендерден жер басып.
Көк дөнен көңіл жолда арып,
Торығады екен ол дағы...
Жел жағын желкем жел қағып.

Жас қағанның бірі еді,
Айбыны тасқан ірі еді.
Жүрегі түкті, жұтқандай
Жолбарыстың жүрегін.

Атағы жеткен алысқа,
Ескендірмен қағысқан –
Арыстан елдің тірегі!

Алып Ер Тоңға,
Пірі еді,
Білеген жауға білегін!
Өгіздей жebesі өкірген,
Садағын тартса шіреніп!
Тасып бір кетсе мейірі,
Телегейдей пейілі –
Соққандай алтын күрегің!

Күміс хәуізі батырдың,
Қымбаты Шу асылдың.

Таңдайын шөлдің жібіткен,
Бұлттарын арбап жасынның!
Құрама хәуіз, құрғанда,
Үкілі қыздай бұлғандар,
Жамырап құрақ, жасыл ну.

Көште де, суыт жорықта,
Қуаңға, шөлге жолықса,
Құрғызып күміс хәуізін,
Құтылады екен солықтан.
Жүздіріп аққу, қаздарын,
Құстардың бағып наздарын,
Отырады екен торықса.

5. ҚОС МҮЙІЗДІ ЕСКЕНДІР

*«Негізінде Зұлқарнайынды
жер жүзіне күшке ие қылдық.
Өзіне әр істе қолайлылық бердік».
(Құран–Кәрім. 18-кеһе сүресі.)*

22

Қос мүйізді Ескендір,
Қаһарынан ескен мір!
Дүниені дариядай,
Тобығынан кешкен дүр!

Алдында бас имеген,
Жауын күмдай илеген.
Он сегіз мың ғаламды,
Он сегізде билеген.

Жаратқан Алла күш берді⁵,
Жол ашты барлық істе енді.
Адақтап батыс, шығысты,
Ескендір жолға түскенді.

Күн батар жерге келгенде,
Балшыққа батқан күн көрді.
Батпақты бұлақ басында,
Бейтаныс елді бір көрді.

Батар күн де өзгерді...
Кезіктірді өзге елді...
Хұзырынан Алланың,
Ескендірге сөз келді:

«Зұлқарнайын, сұрарсың,
Мұнафық болса, ұғарсың.
Не жарылқа, кәфферат,
Не азаптап, қырарсың!»

Тітіреткен ғаламды,
Ескендір сүспен қадалды:
«Жазалаймыз тағұтты,
Зұлым, залым, харамды!

Алла алдына жүгінер,
Арамдығы білінер.
Залама, фасат
Раббымның,
Қаһарына ілінер!

Мүміндерін қолдаймыз,
Рахыммен жолын оңдаймыз!
Шафағатпен,
қайырмен,
Ғидайәтқа⁶ жолдаймыз!»

Иманға тілін келтіріп,
Сол елге берді кеңшілік.
Күншығысқа бет бұрды,
Асынып жарақ, беркініп.

Қос мүйізі күн тіреп,
Көкжасындай күркіреп.
Зұлпықары жай шашып,
Басқан жері дүркіреп.

Күн шығар жерге келгенде,
Күн астынан ел көрді.
Өтті
киім, панасыз,
Күн қуырған елден де.

Қос тұлымнан жел есіп,
Ат үстінде кеңесіп!
Қанатын жайған ғаскері,
Көк аспанмен теңесіп.

Қос тауға еніп келгенде,
Тілін ұқпас ел көрді.
«Шырықты бұзды! –
десті олар,
–Иәжүж, Мәжүж кердеңдер!

Жасаған солар залалат,
Бітнө шексіз тараған.
Берейік бодау, Ескендір,
Бір бөгет тұрғыз араға!»

Ескендір айтты:
« – Халайық,
Бір амалын табайық.

Күшпен жәрдем беріңдер,
Араға бөгет салайын!

Бес артық берді Раббым,
Тәуеккел, ғамал қылармын.
Темірден қақпа құярмын,
Уағдамда тұрармын!»

Илегендей кигізді,
Балқытып темір үйгізді.
Темір мен тасты күйгізіп,
Біріне-бірін кигізді!

Темірден тау жиғызды,
Шатқалға қат-қат сыйғызды.
Толғанда қос тау арасы,
Ерітіп мысты құйғызды.

Жанартаудай қас-қағым,
Мыс, темір қатты тас қауып.
Темір қақпа құрсаулап,
Көк тіреген қос тауын.

23

Аса алмай Темір қақпаны,
Тесе алмай Темір қақпаны!
Қамалды Иәжүж,
Мәжүждер,
Қақпандай таумен қапталып.

«Кәфірдің қашты ақылы,
Алланың бұл да рахымы.
Жермен жексен қылады,
Қиямет келсе, ақыры!»

Осыны айтып Ескендір,
Марақант⁷ жаққа өткенді.
Атағын естіп алыс жұрт,
Айшылық жерден сескенді.

6. ЖОРЫҚ ЖОЛЫ

*Шу батырға келейін,
Мен де сәлем берейін.
Күміс хәуіз басында,
Кеңесін тыңдап көрейін.*

Жалындап Шудың жанары,
Түйіліп қыран қабағы.
Хәуізде жүзген құстарға,
Түнжырап ұзақ қарады.

Дүңкілдеп жаудың хабары,
Дүрліктіріп барады.
Таралып жеткен дүбірден,
Қара жер жатыр қабарып.

Уәзір жетті жүгініп,
Қанталап көзі жінігіп:
– Қағаным! Есті дүбірін!
Расқа шықты күдігім!

24 Ашкүзендей бүгіліп,
Батыры жетті жүгіріп:
– Шайқассақ па?!
– Тоссақ па?
Қалмайық текке кідіріп...

Жансызы келді түңіліп,
Жан-жағына үңіліп:
– Хан ием! Кеулеп келеді,
Жұртыңның күбір-күбірі!..

Кеу-кеулесті, шуласып,
Жайбарақат Шу батыр.

Саяқтанып қарайды,
Қаратаудың құлжасы!

Керіліп баяу Шу батыр,
Байқатты мойын бұрмасын.
– Қарашы, – дейді,
– құстарға,
Сайрайды қалай!
Тыңдашы...

Айдында ізін иректесп,
Сүңгиді қалай үйректер!
Қаздарды қара, толқынды
Түйдектеп суда сүйреткен!

Бір-біріне қарасты.
Үрей мен күдік таласты.
«Жылжымаса Шу қаған,
Жау алмайды Таласты!»

Қарай-қарай тарасты,
Тағы да Шудың бағы асты.
Бейқамдық?
Әлде жайсаңдық!
«Жау жоқ деме жар асты...»

Қашпайтын да секілді!
Шаппайтын да секілді!
Шу бойында Шу батыр,
Саспайтын да секілді!

*Орнықты жұрт жүрегі. Үшқындап оттар үдеді!
Жаңғырып түннің түнегі, жарысып итпен үреді. Күміс хәуіз
айдыны, Тербейді күміс ай нұрын. Ошақтың оты самала - Маң
даланың айбыны! Ұйқылы-ою ой-қыры. Құрқұрлайды сай-
жыра. Оқыранып жер тарпып, Арқырайды айғыры!*

*«Не қылған ұзақ түн еді!?» Шу батыр іштен жүдеді. Жыл
бұрын кеткен жасырын, Батырын күтіп жүр еді. Қырық
тархан қасында, Хожанд дария басында. Қарауыл қарап
жатқан-ды, Шолғыншылары жасырған. «Келетін сәттен
кешікті!» Дауылпаз желі есіп тұр. Қалың жылқы тұяғы,
лақтырған үнді құлағы, Күншілік жерден есітті.*